



Білім арзымайтын байлық Знание капитал, не подверженный инфляции

ПАРАСАТ

1996 ЖЫЛДЫҢ 22 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ИЗДАЕТСЯ С 22 МАРТА 1996

№10(34), 24.10.2024



"Как сказал великий Абай, двигаясь медленно и чётко, мы без паники добились независимости. Самое главное – мы стали свободной страной, которую так жаждали предки. Мы стали признанным, уважаемым государством. Все это – плоды общего труда всего нашего народа. Главная ценность Дня республики – в этом".

Касым-Жомарт ТОКАЕВ,
Президент Республики Казахстан

КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ - ЗАЛОГ УСПЕШНОГО РАЗВИТИЯ СТРАНЫ!

25 октября Казахстан отмечает важный государственный праздник — День Республики. Он символизирует обретение суверенитета и независимости, открывших новые горизонты для развития страны. Одним из ключевых факторов становления Казахстана как независимого государства стало высшее образование, которое сыграло и продолжает играть важную роль в укреплении нации и ее будущего.



Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев неоднократно подчеркивал: необходимы принципиально новые подходы к образованию. Мы согласны, так как понимаем, что динамичного развития добиваются страны, опирающиеся на передовые технологии и науку. И Северо-Казахстанский университет готов быть проводником этой почетной миссии.

После распада СССР Казахстан оказался перед множеством вызовов, одним из которых стало создание собственной системы образования, которая могла бы подготовить новое поколение специалистов. В условиях независимости перед государством встала задача не просто сохранить, но и модернизировать существующую образовательную систему. Этот процесс продолжается и сегодня, что безусловно правильно: жизнь меняется стремительно и образо-

ванию необходимо не только лишь приспособливаться к данным изменениям, но и вбирать в себя самое лучшее.

Одним из таких положительных трендов является сотрудничество с зарубежными высшими учебными заведениями. И здесь наш Северо-Казахстанский университет в числе пионеров. Буквально на днях в столице проходила международная конференция «CONNECTED-2024», участие в которой приняли и наши преподаватели. Вице-премьер Тамара Дуйсенова, обращаясь к делегатам, подчеркнула: 23 зарубежных вуза уже ведут в Казахстане свою работу. Это партнерство преследует несколько важных целей: подготовка высококвалифицированных кадров, трансфер передовых моделей образовательных программ и технологий обучения, развитие науки и инноваций. На своем собственном

примере мы можем подписаться под каждым из этих тезисов.

Сотрудничество Kozybayev University и университета Аризоны выстроено с учетом актуальности и требований рынка, являясь важным шагом в международной интеграции казахстанского образования, открывающим перед студентами, преподавателями и исследователями новые возможности. Эту же задачу обозначил перед высшими учебными заведениями страны министр высшего образования и науки Саясат Нурбек. Действительно, Казахстан, находясь в центре быстрорастущего населения Центральной Азии и Евразии, должен стремиться стать образовательным хабом для студентов, которые ищут альтернативные возможности высшего образования.

(продолжение на 2 стр.)

КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ - ЗАЛОГ УСПЕШНОГО РАЗВИТИЯ СТРАНЫ!



(начало на 1 стр.)

Подчеркну: коллаборация, начатая в 2022 году между нашими вузами в рамках поручения Главы Государства, стала первым в стране примером успешного стратегического партнерства с иностранным университетом. Сейчас на совместных образовательных программах обучаются свыше 1 тыс. студентов. Мы вышли на новый уровень. Перспективы в этом партнерстве видят не только ученые умы, но и местные исполнительные органы: мы готовим высококвалифицированный кадровый резерв по целому ряду нужных образовательных программ.

Сотрудничество меняет сам облик вуза. Мы ценим историю, но новое время требует от нас развитой инфраструктуры. За несколько лет в СКУ вырос новый учебно-лабораторный комплекс, оснащенный передовыми техническими разработками. Условия жизни студентов тоже меняются, подстраиваясь под международный уровень. Пример тому, ввод нами в эксплуатацию одного из самых крупных в Казахстане общежитий: 1,2 тыс. мест! Так мы не просто закрываем потребность собственных студентов в жилье. Новое общежитие — важная часть плана социально-экономического развития региона и, что важно, запуск такого объекта способствует созданию качественной образовательной среды. Студенты уже с нетерпением ждут переезда в уютное, современное жилье, полно-

стью оборудованное для успешной учебы и отдыха. 27 тыс. квадратных метров, на которых разместились тренажерные залы, кафетерии, коворкинги и даже медицинский пункт. Все это условия для комфортной учебной жизни, которые мы стремимся организовать для наших студентов и в рамках международного сотрудничества эта задача оказалась выполнимой. Такие события стали для нас доброй тенденцией: до этого вуз открыл еще одно общежитие на 156 студенческих мест и с 25 квартирами для приглашаемых в СКУ профессоров и ученых.

В День Республики Казахстан мы вспоминаем о тех ценностях, которые позволили стране стать независимой и уверенно смотреть в будущее. Высшее образование, как неотъемлемая часть этого пути, остается основным фактором, который поможет Казахстану развиваться и процветать в глобальном мире. Студенты, ученые и преподаватели становятся не только хранителями знаний, но и создателями будущего. Через образование мы строим будущее нашей страны, уверенное и светлое, в котором каждый гражданин сможет реализовать свой потенциал и внести свой вклад в процветание родной земли.

Уважаемые преподаватели, сотрудники и студенты Северо-Казахстанского университета имени Манаша Козыбаева!

От всей души поздравляем вас с Днем Республики Казахстан —

важным праздником, символизирующим независимость, единство и силу нашей страны.

25 октября — день, когда мы с гордостью вспоминаем великий путь нашего народа к свободе и процветанию. Это праздник мужества и стойкости тех, кто внес неоценимый вклад в становление суверенного Казахстана. Сегодня мы продолжаем их дело, развивая науку, образование и культуру, чтобы сделать нашу страну еще сильнее и успешнее.

Особую роль в этом процессе играет наше университетское сообщество. Вы, уважаемые преподаватели, сотрудники и студенты, являетесь двигателем прогресса и опорой будущего Казахстана. Ваш труд, стремление к знаниям и высокие цели вдохновляют на новые свершения и укрепляют наше общее будущее. Пусть в ваших сердцах всегда живет любовь к родной земле, гордость за наше наследие и вера в светлое будущее Республики Казахстан! Желаем всем здоровья, благополучия, успехов в учебе и работе, а также новых достижений на благо нашей страны!

С праздником, дорогие друзья! Пусть каждый день приносит радость и возможность развиваться, чтобы вместе мы сделали Казахстан еще ярче и сильнее!

Ербол ИСАКАЕВ,
Председатель Правления —
Ректор
Северо-Казахстанского
университета им. М. Козыбаева


В ФОКУСЕ - СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПАРТНЕРСТВО

Не случайно в предыдущих материалах мы акцентировали внимание на конференции «CONNECTED 2024». В двухдневном мероприятии принимали участие порядка 1,5 тыс. делегатов из более чем 20 стран, а также свыше 100 известных ученых и представители ведущих университетов мира. Это действительно большое и важное событие, открывающее для отечественной системы высшего образования новые горизонты. И вот почему.

Передавая приветственное слово от имени Президента РК Касым-Жомарта Токаева, заместитель Премьер-министра РК Тамара Дүйсенова отметила, что Казахстан в сотрудничестве с ведущими зарубежными университетами активно работает над созданием академического хаба. Мы формируем прочную основу для повышения научного и инновационного потенциала страны, а конференция «CONNECTED 2024» как раз придаст импульс к достижению этой цели.

Сотрудничество необходимо и, благо, ведущие мировые университеты готовы к этому. Открытие больше двух десятков филиалов, в том числе партнерство Северо-Казахстанского университета и Аризоны, прямое тому подтверждение. Эти начинания необходимо закреплять, что, по мнению вице-министра, может сделать совет по стратегическому партнерству, который предлагается создать в РК.

(продолжение на 4 стр.)



ЕГЕМЕНДІКТІҢ ДІҢГЕГІ – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Қазақстанның жарқын болашағы мен тұрақтылығы жолында әр азаматының қосар үлесі мен атқарар міндеттері бар. Осы тұста Қозыбаев университетінің жетістіктерін атап өткім келеді. Жергілікті жоғары оқу орнының елдің дамуына қосып отырған үлесі мол. Бұл шаңырақтың астынан елінің, жерінің патриоты болатын бірнеше мыңдаған азамат үлкен өмірге қанат қағады. Университеттің стратегиялық жоспарындағы басты бағыт – елдің бүгінгі мен ертеңін ойлайтын азаматтар тәрбиелеу, еңбегін мемлекеттің дамуына арнайтын маман иелерін түлетіп шығару. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында университеттің үлкен ұжымы аянбай еңбек етуде.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев білім берудің түбегейлі жаңа тәсілдері қажет екенін бірнеше рет атап өткен болатын. Біз келісеміз, өйткені озық технологиялар мен ғылымға сүйенетін



елдер қарқынды дамуға қол жеткізетінін түсінеміз. Солтүстік Қазақстан университеті осы маңызды миссияны орындауды мақсат тұтып, білім мен ғылымда үлкен нәтижелерге қол жеткізіп, халықаралық деңгейде өз орнын нығайтып келеді. Әсіресе, университетіміздің ғылыми-зерттеу жобаларының саны мен сапасы артып, шетелдік университеттермен тығыз байланыс орнату арқылы бірлескен жобалар жүзеге асуда. Біздің студенттеріміз ха-

лықаралық, республикалық жарыстар мен олимпиадаларда жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, болашақта еліміздің дамуында өз үлестерін қосатын білікті мамандар ретінде қалыптасуда.

Елордада өткен «CONNECTED-2024» халықаралық конференциясында Вице-премьер Тамара Дүйсенова делегаттарға арнаған сөзінде Қазақстанда 23 шетелдік ЖОО өз жұмысын жүргізіп жатқанын атап өткен болатын. Біздің университет те серіктестік бағытын оңтайлы жүргізуде. Бұл іскерлік байланыс бірнеше маңызды мақсатты көздейді: жоғары білікті кадрларды даярлау, білім беру бағдарламалары мен оқыту технологияларының озық модельдерін трансферттеу, ғылым мен инновацияларды дамыту.

(Соңы 4-бетте)

ЕГЕМЕНДІКТІҢ ДІҢГЕГІ – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

(Басы 3-бетте)

Сонымен қатар, Қозыбаев университеті биыл үшінші жыл халықаралық және қос дипломдық бағдарламалар бойынша жұмысын жалғастыруда. АҚШ-тың Аризона Университетімен іскерлік қарым-қатынас жылдан-жылға нығайтып, қазақстандық жастар білім алудың, кәсіпке баулындың серпінді бағыттарын иеленеді. Еліміздің мыңнан аса азаматы осы бағдарламалар негізінде білім алуда. Алдымыздағы жылы АҚШ-тың Аризона штатының Тусон қаласына IT және Биотехнология бағдарламалары бойынша – 40 студент, 2026 жылы IT, биотехнология және инклюзивті білім беру бағдарламалары бойынша 131 студент оқуға жіберілімек. Бұл әрекеттер біздің жастарымыздың білім мен кәсіпке деген құштарлығын және еліне адал қызмет етуге деген жігерлерін нығайта түсері сөзсіз.

Kozybayev University мен Аризона университетінің ынтымақтастығы студенттердің, оқытушылар мен зерттеушілердің алдында жаңа мүмкіндіктер ашатын қазақстандық білім берудің халықаралық интеграциясында

маңызды қадам болып табылады. Қазақстан Орталық Азия мен Еуразияның жылдам дамып келе жатқан халқының орталығында бола отырып, жоғары білімнің баламалы мүмкіндіктерін іздеп жүрген студенттер үшін білім хабына айналуға ұмтылуы тиіс.

Құрметті оқытушылар, қызметкерлер мен студенттер!

Республика күні – Қазақстанның болашағына деген сенімнің тұғыры. Елдің саяси тұрақтылығы, экономикалық өсімі мен қоғамның рухани жандануы осы күннің маңыздылығын одан әрі арттыра түседі. Бұл мереке Қазақстанның жарқын келешегі үшін әрбір азаматтың жауапкершілігін еселеп, елдің өркендеуіне қосар үлесіні бағалайтын күн.

Осы игі мақсаттар жолында еңбек ету үшін дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңіз жемісті болып, қызметте абыройға бөлене беріңіздер деген тілегімді білдіремін!

Республика күні мерекесі құтты болсын!

Ербол ИСАҚАЕВ,
М.Қозыбаев ат. СҚУ-дың
Басқарама Төрағасы-Ректор.



В ФОКУСЕ - СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПАРТНЕРСТВО



(Начало на 3 стр.)

Представители иностранных университетов эту идею одобрили. К примеру, филиал Национального исследовательского ядерного университета «МИФИ», открытый в Казахстане в 2022 году, выразил полнейшую готовность к обучению высококлассных инженеров-ядерщиков. Действительно, ввиду того, что скоро в нашей республике появится собственная АЭС, такие профессиональные кадры будут жизненно необходимы. Подобная картина и по другим специализациям – международное сообщество готово к инвестициям знаниями и опытом, наша же задача – обеспечить достойные условия для приёма этих ресурсов.

Образовательные программы СКУ, в том числе международные, как раз показательны в части соответствия требованиям рынка. Мы ориентированы на реальный сектор экономики, что позволяет закрывать кадровый дефицит не только в Северо-Казахстанской области, но и по всему Казахстану. Поэтому и география наших студентов так широка. А последняя приемная кампания показала, что образовательные программы Kozybayev University могут привлекать и граждан других стран. Ни в этом ли престиж университета и системы образования в целом?

Отметим, что в работе конференции принимали активное участие как представители администрации нашего вуза, так и профессорско-преподавательский состав. Они отмечают: такого рода масштабные встречи способствуют укреплению международных связей и позволяют выработать новые подходы к развитию системы образования и формированию человеческого капитала.

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДА

Ұлттық ойындарды жандандыру – ұлттың кешегісін аңсау емес, ата-баба қалыптастырған рухани байлықты заман талабына сай қолдана білуде. Қыркүйек айының басында Астана қаласында V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өткізіліп, қыркүйекті 17-27 аралығында Қызылорда облысының Арал қаласында 2004-2007 жыл аралығындағы жастардың арасында асық ойынынан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Екі шараға да біздің студенттер қатысты. Біріншісіне, болашақ тіл маманы Сәния Әскер қатысып, тобымен бірге жүлделі 1-ші орынға ие болды. Екінші жарыста Қозыбаев университетінен алты студент бақ сынады. Төрт қыздан құралған команда университеттің, облыстық жеңіс қоржынына қола медаль салды. Бұл жолы да Сәния Әскер жеке додада жақсы нәтиже көрсетіп, 3-ші орынды қанжығалап қайтты.



Жарысқа қатысқан үш споршымен кездесіп, сұрақтарымызға жауап алдық.

Ұлттық ойында облыс пен университет намысын қорғап жүрсіз, жалпы әр жеңісте қандай сезімді бастан кешіресіз? Сіз үшін ойынның маңызы неде?

Сәния Әскер: Әр жеңістің мен үшін орны бөлек. Жарыстарда ерекше эмоция аламын. Бес асық ойыны бастапқыда мен үшін хобби болған. Есейген сайын ұлттық ойынды дамытуға, көрсетуге, үйретуге деген үлкен бір сезім билей бастады. Бүгінде өз ұлтыма, өз халқыма деген адалдық пен азаматтық борыш – қолымнан келетін ұлттық спортты дамыту болып отыр. Жүлделі орын алған кезде өзім үшін ғана емес, ұлтым үшін қуану дағдысы пайда болды. Өзіме сенім артқан адамдардың сенімін ақтап жүргеніме қуанамын.

Ұлттық ойынға көңіл бөлудегі басты мақсатыңыз, бұл ойын сізді несімен қызықтырады?

Зарина Ермағанбет: Ұлттық спортқа көңілімнің тоқтауы мектеп қабырғасында басталды. Менің болмысымда білуге деген құмарлық, өзімді көрсетуге деген жігер, жеңіске деген ұмтылыс бар. Асық ойынын бала күннен ойнап жүргендіктен, реті туып, осы салаға бейімделіп кеттім. Құмарлықпен ойнай жүріп, өзімнің өңір намысын, университет намысын қорғай алатын деңгейге жетіп қалғанымды сезбей қалыппын.

Спортқа деген әуестігіңіз қай жастан басталды?

Саят Ноянов: Мектеп қабырғасында.

Сабак арасындағы үзілістер кезінде ұлдардың басы қосыла қалып, асық ататынбыз. Сөйтіп жүріп, аудандық жарыстарға, кейін облыстық додаларға шыға бастадық. Облыстық жарыстардан 1-ші орын алғаннан кейін республикалық жарыстарға жолдама алдым. 2019 жылы Тараз қаласында өткен республикалық жарыста 2-ші орын алдым. 2023 жылы Шымкент қаласында 3 орын иелендік. Осылайша өсіп келеміз.

Жақында өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойынының деңгейі туралы ойыңызды білсек.

Сәния Әскер: Ұлттық ойындарға әлемдік деңгейде көңіл бөлініп жатқандығы қуантады. Солардың ішінде, асық ату мен бес асық ойыны қолға алынуда. Көшпенділер ойындарына асық ату және бес асық биыл бірінші рет енгізілді. Асық – қазақ халқының ұлттық ойыны. Ата-бабамыздан келе жатқан тарихи құндылық. Менің ойымша, әрбір қазақ баласы бұл ойынға бейімді. Бабалардан қалған әр құнды дүние бізге аманат. Сондықтан бұл ойын халықаралық дәрежеге шығарылса, ол – біздің қуанышымыз. Республикалық асық ату федерациясының вице-президенті Жомарт Сабыржанов спортты дамытуға үлкен күш салып жүр. Осы федерация негізінде біздің облыста да бөлімі ашылды. Біз соның құрамындамыз. Дүниежүзілік көшпенділер ойынының ұйымдастырылу деңгейі жоғары болды. Қатысушыларға барлық жағдай жасалып, еркін түрде өз өнерлерін

көрсетуге мүмкіндік жасалды. Бес асықтан қыздар арасында тоғыз елден тоғыз команда қатысты. Менің қарсыласым болған Саха республикасы мен Моңғолия елдерінен келген спортшылардың шеберліктері мықты. Осындай жарыстарға қатыса отырып, елдің намысын қорғаймыз.

Жалпы Зарина мен Сәния бір ауылдың тумасы екенсіздер. Орталарыңызда ортақ байланыс бар ма?

Зарина Ермағанбет: Сәния екеуіміз ауылдас қана емес, сыныптастармыз. Ойынға құмарту бір кезде басталған шығар, бірақ дес қойып ойнауда Сәния алда келеді. Сәния республикалық, халықаралық додаларға қатысып, жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Оның соңынан екі қыз еріп келеміз. Ділназ деген тағы бір сыныптасымыз қатарымызда. Бір ауыл, бір сыныптан үш қыздың жүруі, әрине, ұстазымыздың арқасы. Шал ақын ауданы Алқа-ағаш ауылының мұғалімі Орман Мұқановқа ризашылығымыз шексіз. Орман Тұрғынұлы әлі күнге дейін біз жарыстарға кеткен кезде тақымын қысып отырады.

Сәния Әскер: Зарина дұрыс айтады. Орман Тұрғынұлы болмаса, біздің бүгінгі жетістігіміз де болмас еді. Бес асық өмірімнің бөлшегі болып кеткен спорт түрі. Осының арқасында Қазақстанның спорт шебері, Еуразия Кубогінің чемпионы атандым. Осы жолда тәлімгерлік етіп жүрген барлық жаттықтырушыларға рахмет!

(Соңы 6-бетте)

ӘЛЕМДІК ТҰҒЫРДА – БІЗДІҢ ОҚЫТУШЫ

Гір көтеру спорты бойынша Әлем чемпионатында жаңа жеңіске қол жеткіздік. ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, спорт шебері, ФКС кафедрасының аға оқытушысы Андрей Глывяк әлем чемпионы атанды. Халықаралық жарыс 10-14 қазан аралығында Керкира қаласында (Греция) өткен болатын.

Андрей Ярославович 95 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсетті. Ол жұлқа көтеруде 24 келі салмақта жеңімпаз атанды.

Зарина Мақшаева,
«Медиаорталық» редакторы.



ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДА



(Басы 5-бетте)

Қазақтың ұлттық ойындарының болашағын қалай көресіздер?

Саят Ноянов: Ұлттық спортқа деген қызығушылық қуантады. Атабаба осы спорттың түрі арқылы денсаулығын, ойлау қабілетін жетілдіріп отырған. Бүгінгі жастар ұялы телефонға шүйілгенше, ұлттық ойыннан ләззат алса деген тілек те жоқ емес. Ұлттық өнерді дамыту өз қолымызда. Оған деген сүйіспеншілік болса игі. Алқаағаштағы Орман Тұрғынұлы сияқты ұстаздардың қатары көбейе берсе, болашақ үшін қорықпаймыз.

Сәния Әскер: Ұлттық құндылыққа деген сүйіспеншілікпен осы спорт түрінде жүргендіктен мақсатым – бес асықтан бапкер болу, ойыншылар қатарын көбейту. Осы жерде отырған үшеуіміз артымыздан 2-3 шәкірт ертсек, олар әрі қарай дамытса, ұлттық спорт өнері өлмесі анық.

Сұхбатты жүргізген
Қасымжолар Егінбаев.

ПЛЮС ЕЩЕ ОДНО РАБОЧЕЕ ПРОСТРАНСТВО

В преддверии празднования Дня Республики в Северо-Казахстанском университете имени Манаша Козыбаева открылась новая коворкинг-зона для студентов. Обновленное пространство появилось в фойе 6 корпуса благодаря поддержке Северо-Казахстанского филиала АО «ForteBank». Новая зона предоставляет учащимся и преподавателям удобные условия для отдыха, общения, подготовки к занятиям и работы. Просторные лавочки, мягкие пуфы и компьютеры будут доступны в любое время.

Директор филиала «ForteBank» в

Петропавловске Диас Казыбаев отметил, что более 70% сотрудников банка — это выпускники данного университета. Студенты активно сотрудничают с банком, проходя здесь практику, участвуя в совместных проектах и научных

конференциях.

Руководство университета продолжает улучшать инфраструктуру, создавая подобные пространства в разных корпусах и общежитиях, чтобы способствовать комфортному и продуктивному обучению.



ҚОРДАҒЫ ҚАЗЫНА

Университет кітапханасы білім беру үдерісінің басты нысандарының бірі. Ол – әрбір студент пен оқытушы білім нәріне сусындады, өз өресін кеңейтуге мүмкіндік беретін жер. Яғни білім мен ғылым жаңалықтарының ордасы. Оқу залдарында орныққан тыныштық пен жайлылықтың өзі адамды оқып-тоқуға ынталандырады. Осы жағдайды жасап отырған кітапханашылардың да еңбегі зор. Университеттің кітапхана жүйесі қалай жұмыс істейтіндігі туралы арнайы дайындалған материалды назарларыңызға ұсынамыз.

Кітапхана университет құрылымында өзіндік орны, жоғарғы оқу орнының стратегиялық жоспарына мейлінше жүзеге асырып отырған үлкен ұжым. Университеттің әр ғимаратында орналасқан 6 оқу залы мен 7 абонемент бөлімдерінің жалпы аумағын 2014 шаршы метрді құрайды. Кітапхананың оқу залдары қажетті телекоммуникациялық және байланыс құралдарымен жабдықталып, Интернетке қолжетімділік тегін.

Кітапхана кітаптар алуға болатын жай ғана орын емес. Мұнда келушілер көптеген ақпараттарды ала алады. Емтихандарға дайындық кезінде, курстық жобалар жазғанда таптырмайтын орын екендігі де сөзсіз. Оқу залдарының аурасының өзі адамға жайлы. Кез келген тақырып бойынша ресурстарды таба аласың. Кең оқу залдары, коворкинг және медиа кеңістігі – осының барлығы студенттерге жеке жұмыспен айналысуға ғана емес, сондай-ақ топтасып іс-қимылдар жасауға мүмкіндік береді.

Кітапхана қоры баспа басылымдарымен, электрондық кітаптармен, ғылыми журналдар және мақалалармен жылда толықтырылып отырылады. Биылғы оқу жылы басталар алдындағы статистика бойынша мұндағы кітап қоры 911 681 дананы құрады. Содай-ақ профессорлық-оқытушылық құрамның тапсырысы бойынша осы жылы 73 атаулы газет-журналға жазылған.

Бөлімдердің ұсыныстары мен пайдалану мониторингіне сәйкес кітаптарды сатып алу мен мерзімді басылымдарға жазылу жүйелі түрде бақыланады. Кітапхана ұжымы қызметкерлерінің ба-



сты ұстанымы – оқырмандардың сұранысына жедел және сапалы жауап беру, қажетті ресурспен қамтамасыз ету, сондай-ақ технологиялық процестерді оңтайландыра отырып, ақпараттық қызметтерді кеңейту болып табылады. Қозыбаев университетінің кітапхана құрылымы үш бөлімнен тұрады. Ақпараттық-библиографиялық үдерістерді цифрландыру, пайдаланушыларға қызмет көрсету және қорды сақтау, үшіншісі – қорды сатып алу, каталогтау және есепке алу бөлімі.

Сирек және құнды әдебиеттер қорында 5 мыңнан астам кітап бар. Бұл – XVIII, XIX, XX ғасырдың жәдігерлері танылатын, сирек кездесетін кітаптар. Сондай-ақ Қорда анықтамалық басылымдар, оның ішінде энциклопедиялық сөздіктер, 18-19 ғасырлардағы әлем классиктерінің жауһарлары да сақталуда.

Қорларды үнемі жаңарту, жаңа технологияларды енгізу және қолайлы жағдай жасау – осының бәрі кітапхананы оқу мен зерттеу үшін бірегей орынға айналдырды. Университет сайтындағы «Ғылыми кітапхана» бөлімінде оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін қажетті электронды мәліметтер базасы орналастырылған.

Кітапхана білім беру және шығармашылық іс-шараларға ар-

налған алаң болып табылады. Дәрістер, семинарлар, тұлғалармен кездесулер – осының бәрі студенттер үшін жаңа көкжиектер ашатын мүмкіндіктер. Сонымен қатар идеялар алмасу, шабыт іздеу және кәсіби мансап құру кеңістігі. Кітапхана – шексіз мүмкіндіктер әлемінің терезесі.

Оқытушылар мұнда сабақтар мен дәрістер, сондай-ақ студенттерге арналған түрлі тренингтер өткізеді. Кітапхана сапалы білім беру іс-шараларын дайындау және өткізу үшін қажетті ресурстарды ұсынады.

Кітапхананың тағы бір ақпараттық өнімі – Электрондық каталог. 267 601 жазбадан тұратын электронды каталог университет сайтының басты бетінде орналасқан және университет ішінде ғана емес, сонымен қатар қашықтағы пайдаланушылар үшін қолжетімді. Кітапхана сирек коллекцияларды цифрлық форматқа көшіру жұмыстарын жалғастыруда. Барлық цифрландырылған әдебиеттер ақпараттық қызмет мәзіріндегі «Ғылыми кітапхана» бөлімінде «Сұраныс жоғары кітаптар» айдарымен орналасқан. Университет кітапханасы – дәстүрлер мен заманауи технологиялар тоғысқан орын. Қордағы кітаптармен қатар электрондық оқулықтарда заман талабына сай келді. Бұл студенттерге түрлі форматтағы материалдармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

**Шырайлым Нұрмұқанова,
«Журналистика
және әлеуметтік ғылымдар»
кафедрасының
2-ші курс студенті.**

«ПАРАСАТ»

газеті

МЕНШІК ИЕСІ:

«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

БАСПАҒЕР:

«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ тарих, экономика және құқық факультетінің «Журналистика» кафедрасы.

БАС РЕДАКТОР:

Гүлгүл Тулешева.

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:

Павел Притолок.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:

15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі,

№ 6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы, parasatmedia.ku@gmail.com.

Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы

№KZ73VPY00042947 куәлігі берілді.

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.

Газет ай сайын шығады.

Таралымы: 50 дана.

Тапсырыс №178.

Газета

«ПАРАСАТ»

СОБСТВЕННИК:

Некоммерческое акционерное общество «Северо-Казахстанский университет имени Манаша Қозыбаева».

ИЗДАТЕЛЬ:

Кафедра «Журналистика»

факультета истории, экономики и права НАО

«СҚУ им. М. Қозыбаева».

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Гүлгүл Тулешева.

ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:

Павел Притолок.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

150000, Северо-Казахстанская область, город

Петропавловск, улица Мағжана Жұмабаева,

дом 114, учебный корпус № 6, кабинет 215, редакция «Парасат», parasatmedia.ku@gmail.com.

Свидетельство о постановке на переучёт

№KZ73VPY00042947 выдано

Министерством

информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г.

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.

Газета выходит 1 раз в месяц.

Тираж 50 экземпляров.

Заказ №178

ПРИКОСНУТЬСЯ К ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

В преддверии одного из важнейших государственных праздников — Дня Республики — студенты первого курса специальности «Журналистика и социальные науки» посетили музейный комплекс «Резиденция Абылай-хана». Своими впечатлениями от увиденного ребята поделились с редакцией газеты "Парасат".

Музейный комплекс «Резиденция Абылай-хана» является символом стойкости и мудрости казахского народа. Абылай-хан — выдающийся государственный деятель XVIII века, сыгравший ключевую роль в объединении казахских земель и защите их от внешних угроз. Его резиденция — это не только архитектурное наследие, но и центр, в котором хранятся реликвии того времени, свидетельства борьбы за национальную идентичность и суверенитет.

Экскурсия имела и образовательное значение, став важным этапом в формировании у студентов глубокого понимания истории своей страны. Молодые люди не просто осматривали экспонаты, но и активно участвовали в обсуждениях, задавали вопросы, рассуждали о роли Абылай-хана в формировании независимого государства. Экспозиции музея помогли им лучше понять сложные исторические процессы, связанные с борьбой за независимость, и осознать значимость сегодняшней

ней свободы и суверенитета.

Многие студенты отметили, что именно в таких местах, как резиденция Абылай-хана, можно наиболее глубоко почувствовать связь времен и поколений.

- Мы слышали об этих событиях на уроках истории, читали о них в учебниках, но здесь, в этом историческом месте, я по-настоящему ощутил величие Абылай-хана и понял еще глубже, как тяжела была борьба за свободу нашего народа, - делится своими эмоциями первокурсник Чингиз Шитканов.

Особенно важно напоминать себе об этом в День Республики. Это не только праздник, когда страна чествует свой суверенитет, но и время, когда каждый гражданин вновь осознает, каким трудным был путь к свободе. Студенты почувствовали, что идеи, за которые боролся Абылай-хан, по-прежнему актуальны, а независимость Казахстана — это не просто исторический факт, но и ежедневный труд и ответственность каждого.

**Қымбатты оқырмандар!**

Құрметті Kozybayev University оқытушылары, студенттері мен қызметкерлері! Сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттер мен адамдар жайындағы қызықты жазбаларыңызды, ғылыми ізденістеріңіз бен өзекті мәселелер туралы материалдарыңызды жіберіңіздер.

Дорогие читатели!

Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники Kozybayev University приглашаем вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фотографиями.